

Тасқала ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 125 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 16 маусымдағы № 112 қаулысы

Тасқала ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тасқала ауданы әкімдігінің "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" 2019 жылғы 28 мамырдағы № 125 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5691 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Тасқала ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т. Шакиров

"КЕЛІСІЛДІ"

Тасқала аудандық
сайлау комиссиясының төрағасы

_____ Д.Қ. Баишева

" ____ " _____ 2026 ж.

қаулысына қосымша
Тасқала ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 28 мамырдағы
№ 125 қаулысына қосымша

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Ақтау ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды; Ақтау ауылының орталық саябағы
2	Ақкүтір ауылы	Ақкүтір ауылдық медициналық пункт ғимаратының алды
3	Амангелді ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды

4	Бірінші Шежін ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Бірінші Шежін бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
5	Достық ауылы	Достық ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды; "Достық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды; Достық ауылдық фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының алды.
6	Бастау ауылы	"БҚО әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Бастау бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды.
7	Ынтымақ ауылы	"БҚО әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Ынтымақ бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды.
8	Атамекен ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды; "Қазақстан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
9	Қалмақшабын ауылы	Қалмақшабын ауылы, Қалмақшабын көшесі, 19, "Тасқала аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесінің Қалмақшабын ауылдық кітапхана ғимараты
		Тасқала ауданы әкімдігі мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тасқала аудандық мәдени-демалыс орталығы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды; "Тасқала аудандық спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды; Шамов және Абай көшелерінің қиылысында;

10	Тасқала ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды; "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің" Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды; "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің" "Бөбек бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
11	Бірлік ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің" Бірлік негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
12	Оян ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
13	Кеңжайлау ауылы	Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тасқала аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының медициналық пункт ғимаратының алды
14	Мереке ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
15	Мерей ауылы	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Мерей ЖОББ мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
16	Айнабұлақ ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің" Айнабұлақ негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
17	Тоғайлы ауылы	Ауылдық кітапхана ғимаратының алды

18	Екінші Шежін ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
----	--------------------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК